

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қазандағы N 992 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Қазақстанның екінші инновациялық конгресін және венчурлік жәрмеңке өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалу қағидатының сақталуын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарының орындалуын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*